



АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. АРБИТРАЖ ЖӘНЕ МЕДИАЦИЯ. 2-БӨЛІМ

Ағылшын Арбитражының негізгі
сипаты және арбитраждық
келісімдер



Жоспар:

1. Ағылшын арбитражының негізгі сипаты
 2. Арбитраждық келісімдер
 3. Арбитраждық ескертпені бұзу арқылы келтірілген шығындарды өтеу
- Пайдаланылған және ұсынылатын әдебиеттер

1. АҒЫЛШЫН АРБИТРАЖЫНЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТЫ

1996 жылғы Англиядағы Арбитраж туралы Заңның генезисі. Англиядағы арбитраж 1996 жылғы Англиядағы Арбитраж туралы Заңға сүйенеді. Заңның құрылымы ЮНСИТРАЛ Типтік (үлгілі) заңындағы тақырыптардың кезектілігін қайталайды, бірақ соңыға қарағанда Заңның қамтитын мәселелер шеңбері неғұрлым кеңдеу. Типтік заңнан негізгі ауытқу 1996 жылғы Арбитраж туралы Заңның 69 бөлімі арқылы көрініс табады. Бұл бөлім Англия заңын қате қолдануға жол берген арбитраж шешімдеріне апелляция беруге рұқсат етеді (әрине, егер оған Үлкен соттың рұқсаты болған жағдайда ғана).

Англияның арбитраж заңнамасы тиімді болып есептеледі.

1996 жылғы Англиядағы Арбитраж туралы Заңның негізгі элементтері:

- (i) процедура мәселелері бойынша тараптардың шарт жасасу бостандығын құрметтеу;
- (ii) арбитраждық соттың істі қарастыру кезінде әділдік пен жеделдікті қамтамасыз ету міндеті;
- (iii) тараптар арасындағы іс жүргізудегі ынтымақтастық қағидасы;
- (iv) соттардың минималистік рөлі;
- (v) соттық қолдау мен қадағалау.

Процедура мәселелері бойынша тараптардың шарт жасасу бостандығын құрметтеу. «Шарт бостандығы» 1996 ж. Арбитраж туралы Заңның басты қағидасы болып табылады: арбитраждың тараптары кәдімгі сот процедурасына өздерінің «баламасын» қалыптастыра алады.

Арбитраждық соттың істі қарастыру кезінде әділдікті, жеделдік пен тиімділікті қамтамасыз ету міндеті. 1996 жылғы Арбитраж туралы Заң төрешілерді (арбитрларды) даудың жедел әрі үнемді шешілуіне көмектесуге міндеттейді. Арбитраждық трибунал анықталуға тиіс мәселелерді шешу үшін әділ тәсілдерді қамтамасыз ету мақсатында керек емес кідірістер мен шығындарға жол берместен нақты істің мән-жайларына сәйкес келетін процедураларды қабылдауы тиіс.

Тараптар арасындағы іс жүргізудегі ынтымақтастық қағидасы. 1996 ж. Арбитраж туралы Заң әділдікті, тиімділікті және жеделдіктің тиісті дәрежесін қамтамасыз ету мақсатында төрешілер алқасына да, тараптарға да міндеттер жүктейді. Әрбір тарап «арбитраждың талқылаудың тиісті және жедел өткізілуі үшін барлық керекті нәрселерді жасауға» міндетті. Тарап дауды шешу барысында ынтымақтастыққа түсуден бас тарта алмайды. Тараптар әділ, тиімді және тез процестен кейін төрешіге дұрыс шешім қабылдауға көмектесуі тиіс.

Соттардың минималистік рөлі. 1996 ж. Арбитраж туралы Заңның негізгі мақсаттарының бірі соттардың арбитраж процесіне шамадан тыс араласпауын қамтамасыз ету болып табылады. Қажет болған жағдайда соттар арбитраж процесіне қолдау көрсетуі тиіс, бірақ олар істердің қаралуына араласпауы немесе шамадан тыс араласуға жол бермеуі керек.

Соттық қолдау мен қадағалау. Кейбір жағынан арбитраж жүйесі соттар көмегіне біраз тәуелді болады. Төрешілерге санкциялар жетіспейді, сондықтан олар соттардың қолдауына қол жеткізуі керек. Арбитраждық трибуналдың тағайындалуына дейін соттар (күтіліп отырған) процеске қолдау көрсету үшін жауапты; арбитраж процесі барысында сот тек қажет болған жағдайда ғана іске тартылады; арбитраж шешімін алғаннан кейін сот жүйесі оны орындаудың мәжбүрлеу тәсілдерін қамтамасыз етуі тиіс.

Сонымен қатар сот қадағалау өкілеттіктеріне ие: ол төрешінің не алқаның тиісті тәртіппен тағайындалуын (жарамдылық, юрисдикция және қалыптастырылу мәселелері), процестік сот төрелігінің төрешімен сақталуын, дауды реттейтін материалдық-құқықтық нормалардың (егер олар ағылшын құқығының мәселелері болып табылса) дәл қолданылуын қамтамасыз етуі тиіс.

Сонымен, сот арбитраж процесін келесі тәсілдер арқылы бақылау құқына ие болады: (i) Апелляциялық сот *Cetelem SA v. Roust Holdings Ltd* (2005) ісінде түсіндіргендей сот төтенше жағдайларда дәлелдемелерді сақтау әлде мүлікке сот тыйымын салу мақсатында көмек бере алады; (ii) сот арбитраждың негізді болуын (болып қалуын) анықтауға уәкіл етілген (негізділік, шешім қабылдау, тағайындау мәселелері). (iii) Сотқа



арбитраждық процес әділ жүргізілуінің ақылға қонымды стандарттарынан қаншалықты ауытқып кеткендігін анықтап беру ұсынылуы мүмкін («тәртіпті елеулі бұзушылық»). (iv) Шетел құқығының ережесі бойынша, сондай-ақ егер материалдық нормалар әділдік және т.с.с. мәселелер сияқты құқықтық емес сипатта болса ешқандай апелляция болуы мүмкін емес. Бірақ Үлкен сот төрелік соттың ағылшын құқығына қатысты мәселелерді дұрыс қолданғандығын қарастыру үшін тартылу мүмкіндігі бар. Көп мамандардың пікірі бойынша ағылшын құқығының мәселелері бойынша апелляцияның сақталып қалғандығы дұрыс.

1996 ж. Арбитраж туралы Заңның негізгі ережелері:

1) Бөлім 1. Жалпы қағидаттар. [Заңның 1 бөлім] ережелері келесі қағидаларға негізделген және тиісті түрде түсіндірілуі керек: (a) арбитраж мақсаты - қажеті жоқ кідіріс пен шығындарсыз тәуелсіз сотпен даулардың әділ шешілуіне қол жеткізу; (b) тараптар қоғам мүддесіне қажет кепілдіктердің ғана сақталуы барысында өз дауларының қалай шешілетіндігі туралы келісу құқығына ие болуы тиіс; (c) [Заңның 1 бөлімімен] қамтылған істерге сот араласпауы тиіс ([Заңның 1 бөлімінде] қарастырылған жағдайларды есептемегенде).

2) Бөлім 33. Трибуналдың жалпы міндеті: (1) Трибунал тиіс: (a) әрбір тарапқа өз дәлелдеулерін ұсынуға және қарсыластың дәлелдерімен танысуға ақылға қонымды мүмкіндік бере отырып, тараптар арасындағы қатынастарда әділ әрі бейтарап әрекет етуге; (b) анықталуға тиіс мәселелерді шешу үшін әділ тәсілдерді қамтамасыз ету мақсатында қажет емес кідірістер мен шығындарды болдырмастан нақты жағдайдың мән-жайларына сәйкес келетін процедураларды қабылдау. (2) Трибунал арбитраждық талқылау өткізудегі бұл жалпы міндетін өзінің процедура мен дәлелдеу мәселелері бойынша шешімдерінде, сондай-ақ өзіне жүктелген барлық басқа өкілеттіктерді жүзеге асыру барысында орындайды.

3) 40 бап. Тараптардың жалпы міндеті: (1) Тараптар төрелік талқылаудың тез және тиісті түрде өткізілуіне барлық керекті әрекеттер жасауы тиіс. (2) Ол әрекеттер келесілерді қамтиды: (a) трибуналдың процедуралық немесе дәлелдемелік мәселелері бойынша кез келген шешімін әлде трибуналдың кез келген бұйрығы не ұйғарымын орындау; (ә) юрисдикция не заң бойынша алдын-ала сұрақ бойынша соттың шешімін алу үшін кез келген қажет болатын қадамдарды кідіріссіз жасау.

Арбитраж бизнесінің көлемі. Лондонда арбитраж бизнесі өркендеуде. Төрелік даулардың көпшілігіне арбитражды Англия мен Уэльсте өткізуге шешім қабылдаған шетелдік тараптар қатысады. Арбитраж мекемелерімен қарастырылатын істер жөніндегі статистика нақты және жалпы өсім тенденциясын байқатады:

(i) LCIA (Лондондағы халықаралық арбитраждық сот) 1996 жылы 37, 2006 жылы 120-дан астам және 2009 жылы 272 іс қаралғандығын көрсетеді;

(ii) басқа мекемелерде қарастырылатын істерді қосқанда Лондонда жылына қаралатын істердің саны шамамен 300-ге жетіп қалады;

(iii) Парижде ICC (Халықаралық арбитраж соты) істерінің саны 1980 жылы 300-ден аса, 2006 жылы 600-ге жуық, ал 2007 жылы 559-ға жетті.

Арбитражда таңдау туралы шешім. 2005-ші жылғы лондондық есеп бойынша, кәсіпорындардың сот талқылауын емес коммерциялық арбитражды таңдауына төрт негізгі себеп бар: (i) процестің құпия түрде өтуі; (ii) икемділік және тараптардың процеске бақылау жасауы, атап айтқанда, тараптардың төрешілерді таңдау мүмкіндігі (әсіресе, әртүрлі юрисдикцияларда орналасқан тараптардың арасындағы дауды қарастыру үшін «бейтарап» алқаны таңдау); (iii) жылдамдық және тиімділік; және (iv) 1958 ж. Нью-Йорк конвенциясына сәйкес шетелдік істер бойынша шешімдердің ызы орындалуы.

Резюме: Біздің қарастырғанымыз (1) 1996 ж. Арбитраж туралы Заңның басты ерекшеліктері, атап айтқанда: (i) процедура мәселелері бойынша тараптардың шарт жасасу бостандығын құрметтеу; (ii) арбитраждық соттың істі қарастыру кезінде тиімділікті, әділдік пен жеделдікті қамтамасыз ету міндеті; (iii) тараптар арасындағы іс жүргізудегі ынтымақтастық қағидасы; (iv) соттардың минималистік ролі; (v) соттық қолдау мен қадағалау. Сонымен қатар біз (2) көптеген мәселелерді реттейтін 1996 ж. Арбитраж туралы Заңның негізгі ережелеріне тоқталдық. Сол сияқты біз (3) статистикамен расталып отырған Лондондағы арбитраждың жоғары даму деңгейіне де көңіл бөлдік.

2. АРБИТРАЖДЫҚ КЕЛІСІМДЕР

Арбитраждық келісімді айқынсыздық пен шиеленіске жеткізбеу үшін егжей-тегжейлі дайындау



ұсынылады. Егер тараптар LCIA таңдағысы келсе, оның веб-сайтында болашақ дауларға арналған келесі стандартты арбитражды ескертпе ұсынылады. Болашақ даулары LCIA ережелеріне сәйкес арбитражға берілгенін қалайтын уағдаласушы тараптарға келесі формула ұсынылады. Төртбұрышты жақшадағы сөздерді (бос орындарды) қажеттіңізге қарай толтыру немесе жойып отыру керек: «Осы шарттың болуына, жарамдылығына немесе тоқтатылуына қатысты кез-келген мәселені қоса алғанда бұл шарттан немесе осы шартқа байланысты туындайтын кез-келген дау, сілтеме арқылы осы құжатқа / тармаққа енгізілді деп есептелетін LCIA Ережелеріне сәйкес арбитраждық тәртіппен қаралуға және толығымен шешілуге жатады».

«Төрешілер саны [бір / үш] болуы тиіс.

Арбитраждың орны немесе заңи орны [қала және / немесе ел] болуы керек.

Арбитраждық талқылауда пайдаланылатын [] тіл болуы тиіс.

Шарттың қолданылатын құқығы болып [] материалдық құқығы табылады».

Тараптар арбитраж шешіміне кез-келген шағым келтірілу мүмкіндігін тыйып тастай алады.

Апелляциялық сот *Sukiman Ltd v. Қауымдастық хатшылығы* (2007 ж.) іс бойынша арбитраждық келісіммен ілесіп жүрген алып тастау туралы ескертпе апелляция мүмкіндігін болдырмайды деп ұйғарды. Алып тастау туралы ескертпе былай тұжырымдалған еді: «Трибунал шешімі тараптар үшін міндетті әрі соңғы болып табылады және шағым келтіруге жатпайды». Бұл ереже арбитражды талап ететін кез келген елдің заңнамасының мағынасы бойынша «алып тастау туралы келісім» болып есептеледі. Төрелік шешім 1996 ж. Арбитраж туралы Заңның 69 бөліміне сәйкес (яғни ағылшын құқығының мәселесі бойынша апелляция) шағымдануға жатпайды, өйткені «жазбаша келісімнің» тараптары мұндай мүмкіндікті тыйып тастаған.

«Бөлшектену мүмкіндігі»: арбитраждық (төрелік) келісім негізгі шарттың орындалмағандығынан жарамсыз болып есептелмейді. 1996 ж. Арбитраж туралы Заң арбитраждық келісімді жазбаша түрде жасауды ұсынады. Негізгі шарт жарамсыз болып танылса да, арбитраждық (төрелік) ескертпе жарамдығын сақтап қала алады. Бұл тұжырымдама (1996 ж. Арбитраж туралы Заңның 7-бабында бекітілген автономиялылық қағидасы) бойынша даудың себебі болып отырған негізгі мәмілене (көбінесе ол келісім-шарт) арбитраждық келісімнен бөліп алуға болады, тіпті олар бір құжатта мазмұндалған болса да (көп жағдайларда ол тап солай болады). «Бөлшектеу (бөліп алу)» - «халықаралық тұжырымдама» болып табылады.

Негізгі шарттың жарамсыздығы арбитраж келісімінің жарамсыздығына әкеле бермейді. Бұл жердегі прецедент *Fiona Trust and Holding Corporation v. Privalov* (2007) ісі. Бұл істе кемелердің иелері Лондонда сот талқылауын бастап кеткен еді. Олардың айтуынша мәмілелердің бастапқы кезінде фрахттаушылардың пара алуы негізінде чартерлік партиялар заңды түрде жойылған болатын.

Шарттар тиісті сегіз чартерлік партиядағы арбитраждық келісімдерге сілтеме жасаған еді. Төрешілерге чартерлердің пара берілгені үшін жойылғаны қаншалықты заңды екендігін анықтап беру ұсынылды. Лордтар палатасы Арбитраждық соттың «бөлшектену» қағидасына сай негізгі шарттың пара беру жолымен сатып алынғанын анықтау құқығына ие екендігін ұйғарды. Арбитраждық келісімге бағынышты тиісті келісімдерді жасасу барысында агенттер өздерінің өкілеттіктерін асыра пайдаланғандығы жөнінде мәселе пайда болған кезде де осы тәсіл қолданылуға тиіс еді. «Фиона Траст» (2007) ісі бойынша Лордтар палатасы шешімінің процедуралық нәтижесі – арбитраж ары қарай жалғасын табатыны еді (меншік иесінің 1996 ж. Арбитраж туралы Заңның 72 (1)-бабына сәйкес арбитражды тоқтату бастамасы нәтиже бермеді). Ал Үлкен соттың қатар берілген талабы пара берілген үшін мәмілелердің тоқтатылу мүмкіндігі мәселесіне байланысты уақытша тоқтатылған еді (пара беру туралы іс бұл сотта басқа уақытта қаралуы керек еді). Шешімді қабылдау туралы шартты (арбитраждық ескертпені) негізгі шарттан бөлек қарастыру «эмбебапты» арбитраж мүмкіндігіне жол береді: төрешілер арбитраждық ескертпенің де, негізгі шарттың да жарамдылығы жөнінде шешім қабылдауға құқылы (мұны «құзырет құзыреттілігі» - «kompetenz-kompetenz» деп атайды). Арбитраждық жүйелердің көпшілігінде арбитраждық соттың ескертпе жөнінде юрисдикцияға шынымен ие болуы жөніндегі мәселе сотпен қаралатын мәселе болып табылады. Сонымен, «бөлшектену» қағидасы (арбитраждық келісімнің жарамдылығы негізгі мәміленің жарамдылығына байланысты емес) «kompetenz-kompetenz» қағидасымен қатар әрекет етеді (арбитраждық сот тиісті мәселе бойынша өзінің құзыреті мен юрисдикциясын ең болмағанда алдын ала бағалауға мүмкіндігі бар).

«Бөлшектену» және оның шегі туралы мәселе 1996 жылғы Арбитраж туралы Заңның 7-ші бөлімінде былайша реттеледі: егер тараптар басқаша келіспесе, басқа келісімді құрайтын немесе оның бөлігі болуға



тиіс арбитраждық келісім, аталған басқа келісімнің жарамсыздығынан, күшіне енгендігінен немесе тиімсіз болғандығынан пайдаға аспай не тиімсіз ретінде қарастырылмауы тиіс.

Арбитраждық сотты таңдау. Тараптардың таңдауы төрешіні немесе арбитраж мүшелерін таңдау мүмкіндігінде ерекше көрініс табады. Төрешілердің заңгер болуы міндетті емес (бірақ төраға ретінде әдетте заңгер сайланады). Төрешілер арнайы білімі және тәжірибесі негізінде таңдалуы мүмкін. Халықаралық деңгейде тараптар резидент болып табылса немесе әртүрлі юрисдикцияларда әрекет ететін болса, төреші немесе төрешілер алқасының төрағасы үшінші елдің азаматы болуын қамтамасыз ету жағынан артықшылық бар.

Тараптардың таңдауы процессуалды мәселелерге де таратылады. Арбитраждың регламенттерімен белгіленген дауды қарастыру тәртібі нақты даудың ерекшеліктеріне бейімделуі мүмкін. Қажет болған жағдайда «әрбір іс үшін айрықша тәртіп орнатылады» деген пікір бар. Бірақ арбитраждық ескертпелер іс жүргізу мәселелерін реттеуі өте сирек кездеседі.

Арбитраж туралы ағылшын заңнамасы:

- (i) ағылшын құқығы;
- (ii) шетел құқығы (арбитраж Англияда орналасса да шетел құқығы қолданылуы мүмкін)
- (iii) әділдік немесе діни құқық қағидаларынан туындайтын нормалар — тараптарға дауға мәні бойынша қандай құқық қолданылатын өзара келісімі бойынша анықтауға мүмкіндік береді.

4.2. Дін белгісі бойынша заңға сай таңдалған арбитраж алқасы

Төрешілердің діні мен кемсітудің тыйым салынған нысандары жөніндегі мәселелер бойынша *Jivraj v. Hashwani* (2010) ісі үлкен мәнге ие, бұл істе Апелляциялық сот төрешілердің белгілі бір дін өкілдері болуын талап ететін арбитраждық ескертпені жоққа шығарды.

2010 жылдың мамыр айында Апелляциялық сот былай деп ұйғарды: *Hashwani* ісіндегі арбитраждық ескертпе жарамсыз болып табылады, өйткені ол төрешілер белгілі бір діни топтан таңдалуы керек екенін белгілеген еді (атап айтқанда исмаилиттер қауымынан). Апелляциялық сот мұны 2003 жылғы Жұмысқа орналасу жөніндегі теңдік туралы Регламентке қайшы келетінін қаулы етті. Бұл жағынан «жұмыстың сипатына қарай қажетті болып табылатын негіздемеге қойылатын талапқа» байланысты Регламенттің 7-тармағында көзделген айрықша ереже қолданылуға жатпайтын еді.

Бұл әіст *J* және *H* тараптары 1981 жылы жылжымайтын мүлікке инвестиция жасау мақсатында біріккен кәсіпорын құрған еді. Келісім үш төрешінің тағайындалуын көздейтін арбитраждық келісімді қамтитынын еді: әрбір тарап бір-бір төрешіні тағайындауы керек еді. Үшінші төрешіні Біріккен Корольдіктегі Аға-хан Ұлттық кеңесінің Президенті тағайындауы қажет болатын. Арбитраждық ескертпеде барлық төрешілер исмаилиттер қауымының құрмет тұтатынын мүшелері және осы қауымда үлкен қызметтерге қол жеткізген азаматтар болоуы керек екендігі көрсетілген еді.

2008 жылы тараптардың біріккен кәсіпорынының тоқталуына байланысты бұрыннан келе жатқан қаржылық дау қайта пайда болды. Тараптар біріккен кәсіпорынның қызметін тоқтатып, активтерді бөліп алуға таалпынды. Талап қою арызын беруші арбитраждық келісімне сәйкес арбитраждық талқылауды бастап кетті.

(*H*) үлкен сомаға талап қою арызын беріп, келісімнің 8-ші бабына сәйкес өзінің (*K*) деген төрешісін тағайындағанын (*J*-ға) хабарлады. (*K*) исмаилиттер қауымының мүшесі болмағандықтан тағайындау жарамсыз екендігі жөнінде (*J*) өзінің өтінішін қабылдануға күш салды. Судья Дэвид Стиддің шешімін жойып жіберіп, Апелляциялық сот мынадай қаулы қабылдады:

1) Регламент төрешіні тағайындауға қолданылады, өйткені белгілі бір іс-әрекеттерді жасау үшін басқа тұлғаны тағайындаған адам әлгі тұлғаны қызмет көрсету үшін жалдайды. Осы мақсатта «жалдау» ұғымы Регламентте кез-келген жұмысты орындау туралы кез-келген шарттарды қамтитын ұғым ретінде анықталды, ал «жұмыстар» ұғымы бұл жағынан кез-келген қызметтердің көрсетілуіне таратыла алатын еді. Төреші өз жұмысын өзі ғана орындауы тиіс болғандықтан, мұндай қызметтің көрсетілуі «жалдау» ұғымына сәйкес келетін еді, сондықтан оны тағайындаған тұлға Регламенттің 6(1) тармағының мағынасы бойынша «жалдаушы» болып табылады. Сонымен қатар, қабылданған саясатқа сай Регламент пен Директиваны кеңінен түсіндіру қажет және оларды қолдану аясынан «жеке жалдау» мен нарықта өз қызметтерін ұсынушы тұлғалардың ішінен кәдімгі таңдауды шығарып тастамау керек еді.

2) исмаилиттер қауымына мүше болу келісім бойынша төрешінің міндетін атқару үшін міндетті талап емес еді, сондықтан да, Регламенттің 7-ші тармағымен көзделген айрықша жағдай қолданылуға жатпайды.



3) Апелляциялық сот төрешілердің исмаилиттер қауымына мүше болуы туралы талапты жарамсыз деп танып, арбитраждық ескертпені басқа жағынан сақтап қалу мүмкін емес деп қаулы етті. Мұндай бөлшектеу нәтижесінде сақталып қалған бөлшектің тараптардың бастапқы ниетінен елеулі айырмашылығы болар еді. Демек, ескертпе толығымен жарамсыз деп танылды. Алайда *Jivraj v. Hashwani* ісі бойынша Апелляциялық соттың шешімі 27 шілде 2011 ж. БК Жоғары сотымен жойылды. Сонымен, Жоғары сот Еңбек ету саласындағы кемсіту туралы заң ағылшын заңнамасы бойынша төрешілердің тағайындалуы мен жүріс-тұрысына қолданылмайтынын ұйғарды.

Арбитраж бен соттарды көрсету арқылы юрисдикция туралы «гибридтік» (аралас) ескертпелер. Англияның Үлкен соты дауларды шешу жөніндегі «аралас» ескертпелердің мүмкін екендігін мойындады. Мұндай ескертпелер тараптардың біреуіне Англиядағы сот талқылауынан бас тартып, істі арбитраждың қарауына беруге, немесе арбитраждан бас тартып, ағылшын сотында талқылауды бастап кетуге мүмкіндік береді.

3. АРБИТРАЖДЫҚ ЕСКЕРТПЕНІ БҰЗУДАН ПАЙДА БОЛҒАН ЗАЛАЛДЫ ӨТЕУ

Арбитраждық ескертпені бұзған тарап екінші тарапқа келтірілген залал орнын толтыруға мәжбүрленуі мүмкін. Мәселен, *CMA SA Hyundai MIPCO Dockyard Co Ltd (2008)* ісінде кеме құрастырушы компанияның қатысушысы (ол новациядан кейін ғана тиісті келісімнің тарабына айналған еді) осы келісімнен пайда болған даулардың Лондондағы арбитражбен қарастырылуын талап ететін арбитраждық ескертпені бұзғандығы белгілі болды. Бұл тарап арбитраждық ескертпені бұза отырып, новацияға дейін заңға қайшы басталып кеткен француздық соттағы талқылауды одан ары жалғастырған. Коммерциялық сот судьясы Бертон келесі мәселелер бойынша лондондық төрешілердің шешімін өз күшінде қалдырды:

(i) арбитраждық ескертпе француздық сот талқылауының нысанасына (затына) таратылады; (ii) демек, новация процедурасы салдарынан белгілі бір келісімнің (оның арбитраждық ескертпесін қоса алғанда) қатысушысына айналған тиісті тарап Франциялық талқылауды тоқтатпау арқылы арбитраждық ескертпені бұзды; (iii) төрешілер француз сотының шешімін мойындауға және қолдануға міндетті емес еді, өйткені ол арбитраждық ескертпені бұзу арқылы жүргізілген талқылаудың нәтижесі болатын, ал Юрисдикция туралы еуропалық Регламент шеңберінде қатысушы-ел сотының шешімі басқа қатысушы-ел соттары үшін міндетті болып табылады. Демек, ол еуропалық юрисдикция шегінде істі қарастырып жатқан төрешілер үшін міндетті болып табылмайды; (iv) арбитраждық ескертпені бұзу арқылы келтірілген залал сомасы француздық сот шешіміне сәйкес кінәсіз тараптың төлеген сомасына, және француздық талқылауға байланысты шыққан шығындар сомасына, сондай-ақ көрсетілген заңсыз талқылауға жұмсалған басшылықтың уақытының өтелуіне тең болуы тиіс.

Hyundai (2008) ісіндегі (i), (ii) және (iv) тармақтар дұрыс болып көрінеді. Ал (iii) тармақ қате, өйткені судья Бертон «ортақ (жалпы) құқықтың» бұрын шешілген мәселенің эстоппелі доктринасын ескермеген. Бұл доктринаға сай шетелдік соттың шешімі, атап айтқанда, ағымдағы сот талқылауына кедергі жасап отырған арбитраждық ескертпенің жоқтығы туралы шетелдік шешім лондондық төрешілер үшін міндетті күшке ие.

Англияда арбитраждық ескертпе шарттың бір түрі болып есептеледі. Ол бұзылған жағдайда шарттың бұзылғаны кезінде қолданылатын әдеттегі құқықтық қорғау құралдары қолданылуы мүмкін, соның ішінде, іс жүзінде келтірілген залалды өтеу. Құқық бұзушылықтың бұл салдарына судья *Colman West Tankers* ісін бірінші сатыда қарау кезінде көңіл аударған болатын.

Демек, (i) арбитраждық ескертпені бұзу салдарынан келтірілген залалды (ескертпені бұзу арқылы басталып кеткен шетелдік талқылауда қорғануға жұмсалған шығын) өтеу туралы ағылшын арбитражының шешімін ағылшын соты мойындай алады; немесе (ii) іс жүзінде келтірілген залалды өтеу туралы шешім Англиядағы сотпен қабылдануы мүмкін. *Mantovani v. Carapelli Spa (1980)* ісінде Апелляциялық сот аталған екі мүмкіндікті де растады.

Арбитраждық ескертпені бұзудан іс жүзінде келтірілген залалды өтеу мүмкіндігі заңгерлердің назарын аудартты және бұл мәселе «жалпы құқық» заңгерлерімен сарапшылардың лондондық жиынында көтерілген болатын (мамыр 2009). Бірақ бұл жиында Гейдельберг университетінің профессоры д-р Томас Пфайффердің айтуынша ЕО Соты мұны тиісті қатысушы-ел сотының тиісті юрисдикцияны тану туралы мәселені шешуге жанама түрде араласуға бағытталған «өзара сенімділіктің» кезекті бұзылуы деп бағалауы мүмкін. Сондықтан, континенттік құқықты өкіл ететін ЕО Сотының мүшелері арбитраждық ескертпенің



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Арбитраж және медиация. 2-бөлім
Дәріс: Ағылшын Арбитражының негізгі сипаты және арбитраждық келісімдер
Дәріс авторы: Сағынғали Айдарбаев

бұзылуы кінәсіз тарапқа шарттың бұзылғаны үшін қолданылатын әдеттегі құқықтық қорғау тәсілдерін қолдану құқын береді деген «жалпы құқық» көзқарасын мойындайды деп есептеу керек емес.

Резюме: (1) 1996 ж. Арбитраж туралы заң тек жазбаша түрде жасалған не расталған арбитраждық келісімдерге ғана қолданылады. (2) «Бөлшектену» доктринасы негізгі шарттың жарамсыздығы не тиімсіздігіне қарамастан, арабитраждық келісімді сақтап қалады. Алайда, негізгі келісім жалған болса немесе келісімге қол қойған агенттің мұны жасауға ешқандай өкілеттігі болмаса арбитраждық ескертпее жарамсыз болып қалады. (3) *Jivraj v. Hashwani* (2011) ісінде БК Жоғарғы соты тараптар өз төрешілерін дінге қарап таңдай алатынын ұйғарды. (4) Ағылшын заңнамасында дауларды шешудің «гибридтік» (аралас) ережелерінің, яғни бір тарап (бірақ екінші тарап емес) талқылаудың бір түрінен екінші түрінің пайдасына бас тартуға мүмкіндік беретін ережелердің, негізділігі танылады.

Пайдаланылған және ұсынылатын әдебиеттер

1. Эндрюс Н. Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж / пер. с англ.; под ред. Р.М. Ходыкина; Кембриджский ун-т. – М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
2. Andrews N. *Andrews on Civil Processes. Volume II: Mediation and Arbitration.* Cambridge – Antwerp – Portland. Intersentia: - 2013. – 429 p.